

**Балалардың, ата-аналар мен педагогтердің қатысуымен
«Ән шырқайық бәріміз» атты патриоттық әндерді хормен айту
челленджінің қорытындысы туралы
ақпарат**

ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың желтоқсан айында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Балалардың, ата-аналар мен педагогтердің қатысуымен «Ән шырқайық бәріміз» атты патриоттық әндерді хормен айту челленджі ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру, музыкалық-көркемдік мәнерлілік құралдарымен ұлағатты тарихымыз бен Отанымыздың жетістіктерін насихаттау.

Челленджге мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен тәрбиеленушілері, ата-аналар (заңды өкілдер) қатысты.

Челлендж бір кезеңде өтті.

Челленджге қатысушылар ұзақтығы 1 минуттан аспайтын патриоттық әннің хормен орындалуының бейнеролигін жазды.

Барлық бейнероликтер Instagram желісінде #Әншырқайықбәріміз челлендж хэштегін көрсетумен орналастырылды.

Бейнеролик келесі критерийлер бойынша бағаланды:

- жас ерекшеліктеріне, орындаушылық, шығармашылық мүмкіндіктеріне сәйкестігі;

- вокалдық деректер: интонация тазалығы, дыбысталу сапасы;

- сыртқы келбеті мен сахналық мінез-құлқының сәйкестігі;

- музыкалық сүйемелдеу сапасы, бейне эффекттері.

Барлығы 42 жұмыс тіркелді, олардың 26-сы комиссия мүшелерімен қаралды. Қалған 16 жұмыс Ереже талаптарына сәйкес келмегендіктен қарастырылмады, бұл:

- қатысушылар @doshkola_kz аккаунтына жазылмаған;

- бейнероликтердің ұзақтығы Ережеде белгіленген уақыттан асып кеткен;

- бейнероликтің орнына фотосуреттердің жүктелуі;

- бейнероликтер желіде белгіленген мерзімнен бұрын орналастырылған.

Челлендж қорытындысы бойынша комиссия мүшелерімен келесі жеңімпаздар анықталды.

I-орын:

Бейнероликке ең көп комментарийлер жинаған аккаунттар:

- asylperzent (<https://www.instagram.com/p/ClyyoWXI8Et/>);

- syrzhuldyzy (<https://www.instagram.com/p/C18dJQ4IGzT/>).

II-орын:

Бейнероликке ең көп лайк жинаған аккаунттар:

- rozaakhmetova457 (<https://www.instagram.com/p/ClnRH1MMEf2/>);
- _botakan_bobekjayi_masanchi_ (<https://www.instagram.com/p/CmJm5D6LREG/>);
- det.sad176 (<https://www.instagram.com/p/C18FSWCMFI8/>).

Ш-орын:

- bobek_merke (<https://www.instagram.com/p/C15oqNVg5rl/>);
- nurzhanat.batikhova (<https://www.instagram.com/p/CmI8Vh8q9ju/>);
- raushan_balabaksha (<https://www.instagram.com/p/C10FLv5KQfG/>);
- altyn.besik.ds5 (<https://www.instagram.com/p/C18dIM2DHa-/>).

«Ән шырқайық бәріміз» челленджінің жеңімпаздары Институттың дипломдарымен марапатталады.

Жеңімпаздардың челленджге ұсынылған қорытындылары мен материалдары www.irrd.kz сайтында және институттың әлеуметтік желілерінің беттерінде жарияланады.